

Бала жанының бағбаны

Айналасына шуағын шашып, мейірім сыйлаған
Әсел Салмағамбетова үшін, бала тәрбиесі басты орында

Қазақ қашан да қызға төрден орын беріп, келінді инабаттың иесі, ананы шаңырақтың киесіне бағалаған.

Шаңырақтың берекесін келтіріп, жылулық сыйлайтын да әйел баласы. Бүгінгі таңда әйелдердің қоғамда алар орны ерекше. Әр салада қызмет атқарып, жанұясының ұйытқысына айналған нәзік жандылардың қарасы жетерлік.

Әсел Салмағамбетова да еңбегін адал атқарып, отбасының ұйытқысына айналған жанның бірі. Оның бойынан нағыз қазақ әйеліне тән қасиеттерді көруге болады. Ол ибаалы келін, адал жар, үш перзентті өмірге әкелген аяулы ана. Мадияр, Дамир және Назар есімді ұлдары бүгінде аналарының мейіріміне бөленіп өсіп келеді. Ананың мейіріміне бөленіп, әкелерінің дұрыс тәрбиесін алған балалар, балаалық шақтың бақытын сезініп өсуде.

- Үш бірдей ер баланың анасы болу оңай емес. Дегенмен, балаларым қолғанаттарыма айналды. Бүгінде ұлдарым мектеп оқушылары. Олардың дұрыс білім алып, ертеңгі күні адамгершілігі мол жан болып өсуі үшін бар жағдайды жасаудамын. Отбасымның тірегі, жолдасым Уәлихан екеуіміз балалардың болашағынан зор үміт күтеміз. Үйімдегі



азаматтар мені әрқашан еркелетіп, жан дүниемді түсінуге тырысады. Әйел баласы болған соң отбасының берекесін келтіріп, ерінің жағдайын жасауға тырысасың. Үй тірлігімен қатар, еңбек етуің керек. Жолдасым әркез менің жасаған тірлігімді құрметтеп, қолдау көрсетеді, - дейді үш баланың анасы.

Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында кейіпкерімің шаңырағына ат басын тіреп, әңгіме дүкен құрған сәтте оның отбасы шаттық пен қуанышқа толы екенін аңғардым. Достығы жарасып, махаббатқа ұласқан отбасының бақыты, аналарының мейірімінен екендігін де байқадым. Ерінің қамын жасап, балаларынан сүйіспеншілігін ая-

маған Әсел, отбасын басты орынға қоятын көрінеді. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген қағиданы қатаң ұстанып, жанұясының берекесін келтіріп отыр.

Әсел бала-бақша тәрбиешісі. Еңбегін абыроймен атқарып, бүгінде көптің алғысына да бөленіп үлгерді. Алдына келген бағғындардың тілін түсініп, бала жанының бағбанына айналды. Өмірі мен еңбек жолын бала тәрбиесімен ұштастырып, тәлім-тәрбие беруде. Балаалармен көптеген жұмыстар атқарып, қоғамдық шараларға да белсене қатысады. Ұжымы мен әріптестері Әсел Темірбайқызының адамгершілік болмысына дән риза. Ізденімпаз, тәжірбиелі

және мейірімді тәрбиешіні ата-аналар қауымы да қатты бағалап, құрметтейтін көрінеді.

- Біздің мамандығымыз өмір жолымыз. Анаалық мейірімді, ыстық алақанды сезінген бала әркез бақытты. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін тер төгіп, жылулық сыйлауға тырысамын. Әр балаға туған перзентімдей қарап, абыроймен еңбек еткенді жөн санаймын, - дейді Әсел Салмағамбетова.

Абзал ана, адал жар, ұлағатты ұстаз деген атқа менің бүгінгі кейіпкерім әбден лайық нәзік жан. Қажырлы еңбегі мен балаға деген мейірімі бір-бірімен сабақтасып, шаттыққа кенеле беріңіз деген ақ тілегімді білдіремін.